

Жылыой аудандық мәслихатының 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-5 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Жылыой ауданы мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 35-15 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 28 қазандағы № 33-5 "Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет саласындағы мамандарға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 3350 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 желтоқсандағы №48 "Кең Жылой" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

*Аудандық мәслихаттың
XXXV сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

Б. Абдрахманов

М. Кенғанов